

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне көп жылдық сіңірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына үстеме ақы төлеудің тәртібі туралы" ережеге түсініктемені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің 1994 жылғы 20 мамырдағы N 58 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 24 қарашада тіркелді. Тіркеу N 22. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 86-ө бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 наурыздағы N 305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне көп жылдық сіңірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына үстеме ақы төлеудің тәртібі туралы" ережеге түсініктемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1994 жылғы 20 мамырдағы N 58 қаулысының күші жойылды деп танылсын...

М и н и с т р

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы наурыздың 29 -ындағы N 305 Р940305_ қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне көп жылдық сіңірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына үстеме ақы төлеудің тәртібі туралы" ережеге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген түсініктеме бекітілсін.

М и н и с т р д ің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрлігінің

1994

ж ы л ф ы

м а м ы р д ы н

20 - с ы н д а ф ы

N

58

қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы наурыздың 29-ындағы N 305 қаулысымен
бекітілген "Қазақстан Республикасы мемлекеттік
басқару органдары қызметкерлеріне көп жылдық
сінірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына
ұстеме ақы төлеудің тәртібі туралы" ережеге
ТҮСІНКТЕМЕ**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы наурыздың 29-ындағы N 305 қаулысымен бекітілген көп жылдық сінірген еңбегі үшін ұстеме ақы төлеудің тәртібі туралы ережені күшіне енгізуге байланысты мынаны түсіндіреміз:

Ереже Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының штаттарында тұрғын қызметкерлеріне көп жылдық сінірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына ай сайын ұстеме ақы төлеудің тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлеріне көп жылдық сінірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына ұстеме ақы осы Ережеге N 1-2 қосымшаларға сәйкес жұмыс стаждарына қарай төленеді.

Ұстеме ақы айына бір рет жалақы берілген күні төленеді.

**I. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін ұстеме ақы
алуға право беретін жұмыс стажын есептеу**

1. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін проценттік ұстеме ақы алуға право беретін мемлекеттік басқару органдарындағы жұмыс стажына басқару деңгейі мен атқарған қызметіне қарамастан Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында үздіксіз жұмыс істеген барлық уақыты есептеледі, бұған халық депутаттары жергілікті Қеңестерінің бұрынғы атқару комитеттерінде, олардың бөлімдері мен басқармаларында, комсомол және кәсіподақ органдары мен халықтың бақылау мекемелерінде істеген уақыттары да қосылады.

2. Сондай-ақ "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" 1991 жылғы желтоқсанның 16-сындағы Қазақстан Республикасының Заны қабылданғанға дейінгі бұрынғы ССРО Одағы мен одактас республикалардың мемлекеттік басқару органдарында үздіксіз жұмыс істеген уақыттары қосылады.

3. Министрліктер, ведомстволар мен комитеттер жанындағы солардың басшылығымен жұмыс істеген және жұмыс істейтін әр түрлі шаруашылық есептегі ұйымдар мемлекеттік басқару органдарына жатпайды, бұған қаулының қосымшасында аталғандар қосылмайды.

4. Мемлекеттік басқару органдарындағы жұмыстың үздіксіздігі ССРО Министрлер Советінің 1973 жылғы сәуірдің 13-індегі қаулысымен бекітілген және кейін өзгертіліп және толықтырылып отырған /ССРО қаулылар жинағы, 1973, N 10, 51-бап, 1984, N 4, 19-бап/ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақы тағайындағанда жұмысшылар мен қызметшілердің үздіксіз еңбек стажын есептеу ережесімен Қазақ КСР-інің еңбек туралы зандар кодексі бойынша есептеледі.

5. Жұмыс стажы жыл сайын тиісті жылғы қаңтардың 1-іне есептеледі, ол үстеме ақының неғұрлым жоғары мөлшері пайда болуына байланысты реттеліп отырады.

6. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына үстеме ақы алуға право беретін жұмыс стажына сондай-ақ мыналар қосылады:

6.1. Офицерлер құрамындағы адамдардың, прaporщиктердің, мичмандардың, Қарулы Күштердің мерзімнен тыс қызметте болған әскери қызметшілердің /армияда, Әскери комиссариаттарда, Республикалық ұланда, ішкі, шекара және темір жол әскерлерінде/ қатардағы әскери қызметте болған уақыты, мұнда үздіксіз жұмыс стажы сақтаулы шарт;

6.2. әскери қызметшілер мен қызметшілердің Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ішкі істер министрлігі органдарында және қызметшілердің соттарда және прокуратурада мемлекеттік басқару органдарында жұмысқа кірген мерзіміне қарамастан жұмыста болған уақыты, мұнда үздіксіз жұмыс стажы сақтаулы шарт;

6.3. мемлекеттік басқару органдарымен еңбек қатынастарындағы әйелдерге баласы бір жарым жасқа толғанға дейін оны күту жөнінде ішінара ақы төленетін демалыс уақыты және баласы үш жасқа жеткенге дейін оны күту үшін жалақысы сақталмай берілетін қосымша демалыс уақыты;

6.4. жоғары немесе орта арнаулы оқу орнында оқыған уақыт, егер оны бітіргеннен кейін жолдама бойынша мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеген болса, мұнда үздіксіз жұмыс стажы сақтауы шарт;

6.5. мамандығын арттыру курсарында, аспирантурада, жоғары партия мектебінде, әр түрлі академияларда болған уақыт, егер қызметкер оқуға түсkenge дейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеген болса және оқуды бітіргеннен кейін бір ай мерзім ішінде мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа орналасса;

6.6. шетелдерде жұмыс істеген уақыт, егер қызметші шетелге жұмысқа

жіберілмес бұрын мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеген болса және шетелден қайтып келген күннен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа орналасса, мұнда жолда болған уақыты есепке алынбайды

Шетелдегі жұмыс деп алыс шетелдерде істеген жұмыс және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылданғаннан кейін - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы жұмыс есептеледі.

6.7. 1992 жылғы қантардың 1-іне дейін Қазақстан Республикасының партия және комсомол үйымдарында істеген уақыты, кәсіподак үйымдарында-мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа кіргенге дейінгі уақыты, сондай-ақ басқа жұмыстардан босатылып, кәсіподактардың хатшысы және төрағасы болып істеген уақыты.

1992 жылғы қантардың 1-інен кейінгі жұмыс уақыты көп жылғы сінірген еңбегі үшін үстеме ақы алуға право беретін жұмыс стажына есептеледі, мұнда мемлекеттік басқару органдары қызметшілеріне көп жылдық сінірген еңбегі үшін лауазымдық жалақыларына үстеме ақы төлеудің тәртібі туралы ереженің 3-тармағы тәртінші абзацының /немесе Ережеге түсініктеменің 9.3-тармағының/ талаптары есепке алынады.

Оның бер жағында партия, кәсіподак, комсомол газеттері мен журналдарында істеген уақыттар партия, кәсіподак және комсомол үйымдарындағы жұмыс стаждары болып саналмайды;

6.8. мемлекеттік кәсіпорындарда, үйымдар мен мекемелерде /ғылыми мекемелердің қоса/ мемлекеттік басқару органдарындағы мамандықтарға ұксас басшы лауазымды жұмыстарда, мамандығы бойынша лауазымды жұмыстарда істеген уақыт, егер қызметкер мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа тұрғанда қызметшіні лауазымды жұмысқа жоғарылату, тағайындау немесе бекіту ретінде жазбаша түрде рәсімдеген болса.

Басқа барлық жағдайларда жұмыс уақыты қызметкердің мемлекеттік басқару органдарына көшірілген соңғы жұмыс орны бойынша ғана стажға есептеледі / қызметінің түріне қарамастан кәсіпорынның, үйымның, мекеменің, қайта құрылуын және қайта үйымдастырылуын есепке ала отырып/.

7. Кәсіпорындардың, үйымдардың және мекемелердің лауазымды басшыларына жататындар: шебер, цех, участке, бюро, лаборатория, бөлім, басқарма бастығы; бас мамандар: бас инженер, бас экономист, бас бухгалтер, бас юрисконсульт және т.с.; кәсіпорын басшылары: директор, менеджеруші, басқарушы, төраға және оның орынбасарлары. Сонымен қатар мұнда қызметшілердің мамандықтары мен лауазымдарының жалпы одақтық топтастырышымен пайдалану қажет.

8. Мамандықтың ұқсастығы деп қызметші кәсіпорында, ұйымда, мекемеде еңбек қызметін атқарғанда кәсіби немесе мамандық тобы жөнінен мемлекеттік басқару органдарында да сондай кәсібілікке мамандыққа ұксас, бірдей, барабар, т е н қ ы з м е т а т қ а р у ұ ф ы н ы л а д ы .

9. Көп жылдық сіңірген еңбегі үшін ұстеме ақы алуға право беретін жұмыс стажында үзіліс болмайды, бірақ мынадай жағдайларда үзіліс стажға е с е п т е л м е й д і :

9.1. қатардағы мерзімді әскери қызметте болу, егер қызметкер әскери қызметке шақырылғанға дейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс атқарған болса және запасқа шыққаннан кейін 3 айдың ішінде мемлекеттік басқару органына қайтып оралған болса, мұнда жолда болған уақыты есепке а л ы н б а й д ы .

Ұстеме ақы алу үшін жұмыс стажына қатардағы әскери қызметке шақырылғанға дейін мемлекеттік басқару органдарында істеген уақыт пен одан кейін мемлекеттік басқару органдарында істеген уақыт есептеледі.

9.2. кадрларды даярлау және қайта даярлау курсарында оқуда болған уақыт, егер қызметкер оқуға дейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеген болса және оқуды бітіргеннен кейін осында қайтып оралған болса;

9.3. қызметшінің халық шаруашылығы салаларының кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде істеген уақыты, егер қызметші халық шаруашылығында істегенге дейін мемлекеттік басқару органдарында, партия, кенес және комсомол органдарында жұмыс атқарған болса және бір ай мерзімде мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа орналасқан болса.

Қызметшілердің халық шаруашылығы салаларының кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде көп жылдық сіңірген еңбегі үшін ұстеме ақы алу жөніндегі жұмыс стажында осында жұмыс істегенге дейінгі мемлекеттік басқару органдарында жұмыс атқарған халық шаруашылығы салаларында қызмет істегеннен кейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс атқарған барлық жұм ы с к е з е н і е с е п т е л е д і .

9.4. зейнеткер болған уақыт, егер қызметші зейнеткерлік демалысына мемлекеттік басқару органынан кетіп, кейін қайтадан соған жұмысқа орналасқан болса, сондай-ақ зейнеткерлік демалысына мемлекеттік басқару органдарынан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Ішкі істер министрлігінен, прокуратура мен сottan, партия, комсомол және кәсіподақ органдарынан шыққаннан кейін халық шаруашылығы кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде істеген уақыты, егер осыдан кейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс атқарған болса.

II. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін лауазымдық жалақысына проценттік үстем ақы есептеудің және төлеудің тәртібі

2.1. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін қызметкердің лауазымдық жалақысына проценттік үстем ақы негізгі жұмыс орнындағы жалақысына есептеледі, мамандықты қоса атқару қосалқы жұмыс істеуге, шөл далалық және қуанышлық, биік таулық және аудандық коэффициенттер бойынша төлемдер, сыйлықтар және материалдық көтермелеудің басқа түрлері жөнінен қосымша төлемдер есепке алынбайды.

2.2. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін үстеме ақының мөлшерін күнтізбелік ай бойына көбейту правосына ие болған қызметкерлерге үстеме ақының айлық жалпы сомасы айдың кезеңдері бойынша тиісті мөлшерде есептелген үстеме ақыларды жинақтап есептеу жолымен белгіленеді. Күнтізбелік ай бойына лауазымдық жалақы өзгерген жағдайда көп жылдық сінірген еңбегі үшін үстеме ақының сомасы да осындай тәртіппен белгіленеді.

Мәселен, қызметкердің көп жылдық сінірген еңбегі үшін үстеме ақы алуға право беретін жұмыс стажы тиісті жылғы қантардың 1-іне 4 жыл 7 ай 15 күн болды делік, сәуірдің 15-інен бастап ол 5 жыл болады. Бұл жағдайда қызметкердің айлық жалақысына процент есебімен үстеме ақының мөлшері 1-қосымша бойынша сәуірдің 15-іне дейін 10 процент және сәуірдің 15-інен кейін 20 процент, 2-қосымша бойынша тиісінше 10 және 15 процент болады.

2.3. Егер қызметкерге көп жылдық сінірген еңбегі үшін үстеме ақы тағайындау правосы немесе оның мөлшерін өзгерту қажеттігі оның кезекті немесе қосымша демалыста болу мерзіміне, сондай-ақ оның уақытша еңбекке жарамсыз болған уақытына душар келсе, жаңа үстеме ақы демалыс және уақытша еңбекке жарамсыз уақыты аяқталғаннан кейін төленеді.

2.4. Көп жылдық сінірген еңбегі үшін проценттік үстеме ақы қолданылып жүрген заңға сәйкес қызметкерге сақталатын орташа табысты есептегендеге есепке алынады /демалыс уақытында, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттемелерді атқарғанда, уақытша еңбекке жарамсыз болған кезінде, мемлекеттік зейнетақы тағайындаған жағдайда, әскери жиындарда болғанда, екі қабат болған және босанған кездегі демалыс уақытында, төтенше ахуалдардың салдарын жойған және пайда болған уақытта және басқалар/.

2.5. Қызметкер жұмыстан босаған кезде көп жылдық сінірген еңбегі үшін үстеме ақы жұмыс істеген уақытына пропорциялы түрде есептеледі және ол біржола есеп айырысқанда төленеді.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Еңбек министрлігі

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

Қазақстан Республикасының
Статистика және талдау
жөніндегі мемлекеттік
комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК